



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Жеке тұлғалардың қолма-қол ақшасыз операциялары көлемінде онлайн операциялардың үлесі 81%-ға дейін өсті**


18 наурыз, 2021 жыл

2020 жылы қазақстандық банктердің карточка иегерлері 35,3 триллион теңгеге 3 миллиардқа жуық қолма-қол ақшасыз операция жасады. Бұл көлемнің 81%-ы онлайн-операциялар – интернеттегі төлемдер мен мобильді банкінгке тиесілі.

Бұл ретте айтарлықтай өсім карантиндік шектеулерге байланысты қалыптасып отыр. Қолма-қол ақшасыз жасалған транзакциялардың жалпы санындағы онлайн-транзакциялардың үлесі 2020 жылдың соңында 66% -ды құрады, ал 2020 жылдың басында ол тек 46% болды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша, мобильді және интернет-банкінгті белсенді пайдаланушылар саны 82%-ға артып, 14 миллионды құрады.

Жалпы, осы қызметтерді қолданушылардың саны бір жыл ішінде 46%-ға өсті.



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуға болады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)